

**Көкшетау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № С-49/6 "Көкшетау қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № С-26/7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қаңтарда № 8508 болып тіркелді

Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Көкшетау қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Көкшетау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № С-49/6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8277 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

Көкшетау қаласында тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесінде:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар.";

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көкшетау қалалық мәслихатының хатшысы*

*Р.Калишев*